

АУЫСПАЛЫ ЕГІСТЕРІ

1. Топырақ қорғау ауыспалы егістерін жобалаумен өндірудің негізгі принциптері
2. Ауыспалы егістерде көпжылдық екпе шөптердің ролі мен алатын үлесі, отамалы дақылдар мен таза пардың орны.
3. Қазақстанның әртүрлі аймақтарында қолданылатын топырақ қорғау ауыспалы егістері.

Топырақ қорғау а/е- дақылдардың түрлері, олардың егістікте орналасу ерекшеліктері және өзара алмасуы топырақты эрозиядан сақтауға арналған а/е

1.Топырақ қорғау ауыспалы егістерді кұрудың принциптері:

- эрозияға шалдыққан жерлердің агрономиялық ерекшеліктерін мұқият есепке алу қажет;
- аймақта немесе нақтылы шаруашылықта ең тиімді топырақ қорғай алатын және экономикалық нәтижеге жеткізетін дақылдарды тандап ала білу керек. Бұл жерде дақылардың эрозияға шалдығу коэффициентін пайдаланған жөн. Егер таза пардың аталған көрсеткішін бірге тең деп алсақ, отамалы дақылдардың коэффициенті 0,75-0,85 арасында, жаппай себілетін жаздық дәнді дақылдарда 0,50, күздік дақылдардікі-0,30, көпжылдық екпе шөптердікі 0,08-0,01 арасында болып келеді;

- эрозияға шалдыққан жерде сүрлемді және басқа отамалы дақылды кең пайдалана беруге болмайтындықтан мал шаруашылығының мамандандыру бағыты да ерекше болады;
- шаң жинайтын алқаптарды азайту үшін және топырақ түйіршіктерінің қозғалуын кеміту үшін ауыл шаруашылығы дақылдары мен парларды жолақтап егу тәсілін пайдалану керек. Жолақтың ені көбіне топырақтың механикалық құрамына байланысты болып келеді. Шамамен алғанда ауыр балшықты (сазды) топырақта жолақтың ені 120-150 м, ауыр саздақты топырақта –75-100 м, орта саздақтыда-50-75, жеңіл саздақтыда 50 м артпау керек.
- Ауыспалы егістің танаптары эрозия тудыратын желге ұзын жағымен көлденең орналасуы керек, ал су эрозиясы туындайтын жерге ұзын жағымен баурайға көлденең түсуі қажет;

- су эрозиясы орын алған аудандарда топырақ қорғау ауыспалы егістері негізінен тіктігі 50 асқан баурайларда қолданылып, көпжылдық шөптер бірнеше танапқа орналаса, 100 асқан баурайларда ауыспалы егістегі көпжылдық шөптің көлемі 50% болуы қажет;
- топырақ қорғау ауыспалы егістері қолданылатын аудандарда оның танаптары бір категориядағы жерлерге орналасуының қажеттігінің маңызы зор.

2.Егістікті жолақтап орналастыру дегеніміз дақылдарды кезектестіріп жолақтап себу арқылы топырақты эрозиядан қорғайды. 1 кесте. Беткейдің енгіштігіне байланысты жолақ жалпақтығының өзгеру нобайы

Енкіштігі	Ұсынылған жолақтың жалпақтығы, м	
	көпжылдық шөптерді біржылдық дақылдармен алмастыру нобайы	біржылдық дақылдарды отамалы дақылдармен алмастыру нобайы
1 - 3	100-80	80-60
3 - 5	80-60	60-40
5 - 8	60-40	40-20
8 - 10	40-20	20-10
10 - 12	20-10	20-10

Ауспалы егістерді жіктеу

Ауспалы егіс типтері	Ауспалы егіс түрлері
I.Түздік (далалық) а/е	
II.Малазықтық а/е: а) ферма іргесіндегі а/е б) шабындық жайылымдық а/е	Шөп танапты а/е (топырақ қорғау а/е)
III. Арнайы а/е	Топырақ қорғау а/е (шөпті. шөптідәнді)

Шөп танапты а/е- егістік көлемінің басым
көпшілігіне көп жылдық шөптер егілетін ауспалы егіс:
1-5 танап- көпжылдық шөп, 6 танап- біржылдық
шөп+көпжылдық шөп.

Астықты-шөп танапты а/е- егістіктің негізі көлемі
астықты дақылдар алып, қалғанында көп жылдық
шөптер егілетін ауспалы егіс:

1-4 танап- көпжылдық шөп, 5- күздік бидай, 6 танап-
сұлы, 7 танап- арпа, 8 танап- біржылдық
шөп+көпжылдық шөп.

3. Жел эрозиясы таралған жердегі ауыспалы егістің ең тиімді үлгісі ретінде 5 танапты, айналымы 10 жыл болып келетін мына ауыспалы егісті келтіруге болады.

- | | |
|-----------------------------|------------------|
| 1. Көпжылдық шөп (еркекшөп) | 6. Жаздық бидай |
| 2. Көпжылдық шөп | 7. Жаздық бидай |
| 3. Көпжылдық шөп | 8. Таза пар |
| 4. Көпжылдық шөп | 9. Жаздық бидай |
| 5. Көпжылдық шөп | 10. Жаздық бидай |

Осындай 10 жыл айналым мерзімі бар ауыспалы егістегі дақылдарды және парды танаптарда жолақтап орналастырғанда олардың бәрі 5 танапқа жайғасады. Әрине, бұл ауыспалы егісте астық дақылдарының үлесі көп емес - бар болғаны 40%. Бірақ таза пардың аздығы (10%), керісінше, көпжылдық шөптің үлес салмағы көп болғандықтан (50%) эрозияны тоқтатуға мүмкіндік туады, топырақтың эрозияға қарсы тұруға көмектесетін қасиеттері жақсарады, нәтижесінде әр гектар жерден алынатын өнімнің мөлшері артады.

Топырақ қорғау ауыспалы егісінің жоғарғыдай үлгісін оңтүстік-шығыс Қазақстан жағдайына байланысты мына тұрғыда келтіруге болады.

- | | |
|--|-----------------|
| 1. Еркекшөп немесе жоңышқа
(немесе олардың қосындысы) | 6. Жаздық арпа |
| 2. Көпжылдық шөп | 7. Жаздық арпа |
| 3. Көпжылдық шөп | 8. Таза пар |
| 4. Көпжылдық шөп | 9. Күздік бидай |
| 5. Көпжылдық шөп | 10. Жаздық арпа |

Көпжылдық шөптерден кейін жаздық дақыл себу себебіміз- аталған алғы егістен кейін топырақта ылғал аз болады да күздік дақылының күзде өсіп-өнуіне кепілдік бола бермейді, ал таза пардан кейін күздіктің өсіп-өнуіне оңтайлы жағдай туады, әрине, алдымен ылғал жөнінде.

Су және жел эрозиясы таралған жерде топырақ қорғау ауыспалы егісінің мынадай тағы бір үлгісін ұсынуға болады.

1. Көпжылдық шөп
2. Көпжылдық шөп
3. Көпжылдық шөп
4. Күздік дақыл
5. Арпа + көпжылдық шөп


Сайып келгенде, эрозиямен күресуде басқа да шаралармен қатар топырақ қорғау ауыспалы егісін пайдаланудың ролі зор деп айта аламыз. Эрозияға төзімді дақылды, олардың көлемдік арақатынасын дұрыс таңдап егу тәсілін пайдалану және топырақ өңдеудің эрозиядан қорғау жүйесін қолдану арқылы эрозия процестерін тоқтатуға, одан әрі оларды жоюға толық мүмкіндік бар.

Далалық және құрғақ далалық аймақтардағы егістік ауыспалы егістер

астықты дақылдар 80%, таза пар 20%

1. Таза пар
2. Ж.б.
3. Ж.б.
4. Ж.б. немесе арпа
5. Ж.б.

астықты дақылдар 50%, таза пар 25%, отамалы дақыл 25%



**НАЗАР
АУДАРҒАНДАРЫҢЫЗҒА
РАХМЕТ**